

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде  
**Бекітілді**  
Факультет деканы \_\_\_\_\_ Б.Б. Мейірбаев

**7М01103- Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар  
мамандығының  
1 курс магистранттарына арналған**

**«Инклюзивті білім берудің теориялары мен тұжырымдамалары» пәні бойынша  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Құрастырған: п.ғ.к., доцент м.а. Нургалиева Д.А.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының п.ғ.к., доцент м.а. Нурғалиева Д.А

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Әлқожаева Н.С.

## Кіріспе

Пәннің мақсаты – магистранттарға концептуалды, теориялық білімді және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша әдіснамалық тексерілген түсінік пен кәсіби мәселелерді шешудегі құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *ауызша (офлайн)*.

Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, ауызша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді.

Тапсыру уақыты: 2 сағатты құрайды

### Оқытудың нәтижесі:

- инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық негіздерін, инклюзивті білім беру саласындағы теориялардың типологиясын біледі және түсінеді.
- инклюзивті білім беру моделдерін ажыратып, жалпы білім беру жүйесінде ЕББҚ балаларға арналған арнайы білім беру шарттарын ерекшеліктерін біледі.
- шетелдік және отандық психология мен педагогикадағы адамның қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне интегративтік тәсілдің тарихы мен теориясын талдайды.
- инклюзивті оқытудың тұжырымдамалық идеяларының гуманистік мәнін түсінеді және іске асырылады.
- инклюзивті оқыту тұжырымдамасының негізгі ережелерін қолдананады.
- денсаулықты сақтайтын білім беру ортасын құру әдістерін қолдананады.

## Емтиханды өткізу формасы

### АУЫЗША ЕМТИХАН

Ауызша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

## ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР:

|    |  |
|----|--|
| 1  | Инклюзивті білім берудің теориялары мен тұжырымдары курсының мақсаты мен міндеттері  |
| 2  | Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерінің стратегиялық бағыттары   |
| 3  | Инклюзивтік білім берудің тарихи – философиялық аспектілері<br>Инклюзивтік білім беруге тұжырымдамалық тәсілдемелер  |
| 4  | Даму мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға қарым-қатынас жасау үлгілері Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу мүмкіндіктеріне қоғам қарым-қатынасының үлгілері  |
| 5  | ҚР инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі тәжірибесі  |
| 6  | Білім берудің әртүрлі сатыларындағы инклюзия модельдері  |
| 7  | Мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беруде негізге алынатын қағидалар мен құндылықтар   |
| 8  | Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастырудағы ұстанымдар  |
| 9  | Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары  |
| 10 | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта мектептегі инклюзивті білім беру жағдайында білім берудің жаңартылған мазмұнын МЖБС талаптарын жүзеге асырудың ерекшеліктері  |
| 11 | Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың міндеттері, қағидалары  |
| 12 | Инклюзивті білім беру жағдайындағы ресурстық орталықтары қызметін талдау (барлық ресурстық орталықтар, соның ішінде инклюзивті білім беру ресурстық кабинеттер)  |
| 13 | Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы түсінік  |
| 14 | Мектептік психологиялық-педагогикалық консилиумның қызметін ұйымдастыру және оның міндеттері<br>ПМПК-ның қорытындысы негізінде ерекше білім алу қажеттілігін бағалау және мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағыттарын анықтау бойынша жұмыс кезеңдері |
| 15 | Тьютордың жұмыс ерекшеліктері<br>Инклюзивті оқытуды ұйымдастырудағы мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі.  |

### Оқу әдебиеттері:

1. Movkebayeva Z.A., and etc. Inclusive education: Textbook. / Z.A. Movkebayeva. A.T. Iskakova. / - Almaty: Association of higher\* educational institutions of Kazakhstan. 2016. - 236 p.
2. Тебенова К.С. Основы инклюзивного образования: учебное пособие / К.С. Тебенова, С.Т. Каргин, Л.С. Заркенова и др. - Алматы: издательство TechSmith, 2019. - 304 с
3. Байменова Б.С. Развитие инклюзивного образования в Казахстане и за рубежом: учебное пособие / Б.С. Байменова. - Алматы: издательство TechSmith, 2019. - 148 с
4. Жубакова С.С. Теория и практика инклюзивного образования. Учебное пособие. С.С. Жубакова - Алматы: TechSmith, 2019. - 148 с.
5. Мовкебаева З.А., Денисова И.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. Инклюзивное образование. Учебное пособие для ВУЗов. /Издательство: Алматы, 2013. – 200 с.
6. Мовкебаева З.А., Денисова И.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. М54 Инклюзивное образование. Учебное пособие для ВУЗов. - Алматы, 2013. - 200 с.
7. Айтбаева А.Б. Арнай педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 250 б.
8. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. «Бала құқықтары туралы» Конвенция БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен 20.11.1989 ж. қабылданған. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылдың 8 маусымындағы №77 қаулысымен ратификацияланған. «Мүгедектер құқықтары туралы» Конвенция
9. БҰҰ – 2007 жылдың 30 наурызы. Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім берудегі Саламанка Декларациясы мен іс-әрекеттердің Шеңбері: Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім беру туралы дүниежүзілік конференция – Испания – 1994 ж.
10. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
11. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.
12. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарғысы.
13. «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» Санитарлық талаптар ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 179 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 17 ақпанда № 10275 болып тіркелді).
14. «Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 64 Қаулысы.
15. «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы.

Ғаламтор ресурстары: (3-5 тен кем емес)

**Қойылған бағаның көрсеткіштері:**

| <b>Бағасы</b>   | <b>Көрсеткіштері</b>  |
|---|---|
| <b>Өте жақсы</b><br>95-100 (A)<br>90-94 (A-)                                | 1. Теориялық сұрақтарға жауабы дұрыс және толық;<br>2. Тәжірибелік тапсырманың толық шешімін таба білген;<br>3. Ұсынылған ақпарат мазмұны сауатты, логикалық үйлесімді;<br>4. Шығармашылық қаблетін көрсетуі.   |
| <b>Жақсы</b><br>85-89 (B+)<br>80-84 (B)<br>75-79 (B-)<br>70-74 (C+)         | 1. Теориялық сұрақтардың жауаптары толық емес, кейбір нақты мәселелер қалыс қалғанда немесе жартылай жауап болғанда;<br>2. Тәжірибелік тапсырма орындалған бірақ қалыс-қалған қателіктерде;<br>3. Ақпарат сауатты бірақ логикалық байланыс болмаған жағдайда; |
| <b>Қанағаттанарлық</b><br>65-69 (C)<br>60-64 (C-)<br>55-59(D+)<br>50-54 (D) | 1. Теориялық сұрақтардың жауабы дұрыс, бірақ толық емес логикалық құрылымында қателіктер бар.<br>2. Тәжірибелік тапсырма толығымен орындалған;<br>3. Ақпарат сауатты бірақ логикалық байланыста кемшіліктер бар.  |
| <b>Қанағаттанарлықсыз</b><br>25-49(FX)<br>0-24 (F)                          | 1. Теориялық сұрақтың жауабында өте көп қателіктер бар;<br>2. Тәжірибелік тапсырма орындалмаған;<br>3. Жауапта терменологиялық, грамматикалық, қателіктер бар, логикалық байланыста да кемшіліктер бар.   |